

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің субсидиялар беру көзделетін нормативтік құқықтық актілеріне және нормативтік құқықтық актілерінің жобаларына мониторингті жүзеге асыру және салыстырмалы-құқықтық талдау жүргізу тәртібін бекіту туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2017 жылғы 14 қарашадағы № 155 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 93-бабы 6-тармағының және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің өнеркәсіптік тауарларға қатысты өзіндік ерекшелікті субсидияларды Еуразиялық экономикалық комиссиямен ерікті келісу және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің өзіндік ерекшелікті субсидияларды беруіне байланысты талқылауларды Еуразиялық экономикалық комиссияның жүргізу тәртібі туралы 2017 жылғы 26 мамырдағы келісімнің 12-бабының ережелерін іске асыру мақсатында Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Қоса беріліп отырған Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің субсидиялар беру көзделетін нормативтік құқықтық актілеріне және нормативтік құқықтық актілерінің жобаларына мониторингті жүзеге асыру және салыстырмалы-құқықтық талдау жүргізу тәртібі бекітілсін.

2. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2012 жылғы 16 тамыздағы " Кеден одағына және Бірыңғай экономикалық кеңістікке мүше мемлекеттердің ұлттық заңнамасының 2010 жылғы 9 желтоқсандағы Өнеркәсіптік субсидиялар берудің бірыңғай қағидалары туралы келісімге сәйкестігі мәніне мониторингті жүзеге асыру және салыстырмалы-құқықтық талдау жүргізу тәртібі туралы ереже туралы" № 132 шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң, бірақ ерте дегенде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің өнеркәсіптік тауарларға қатысты өзіндік ерекшелікті субсидияларды Еуразиялық экономикалық комиссиямен ерікті келісу және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің өзіндік ерекшелікті субсидияларды беруіне байланысты талқылауларды Еуразиялық экономикалық комиссияның жүргізу тәртібі туралы 2017 жылғы 26 мамырдағы келісім күшіне енген күннен кейін күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

Т. Саркисян

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің субсидиялар беру көзделетін нормативтік құқықтық актілеріне және нормативтік құқықтық актілерінің жобаларына мониторингті жүзеге асыру және салыстырмалы-құқықтық талдау жүргізу ТӘРТІБІ

I. Жалпы ережелер

1. Осы Тәртіп Еуразиялық экономикалық комиссия (бұдан әрі – Комиссия) өзінің 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың (бұдан әрі – Шарт) 93-бабымен және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің өнеркәсіптік тауарларға қатысты өзіндік ерекшелікті субсидияларды Еуразиялық экономикалық комиссиямен ерікті келісу және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің өзіндік ерекшелікті субсидияларды беруіне байланысты талқылауларды Еуразиялық экономикалық комиссияның жүргізу тәртібі туралы 2017 жылғы 26 мамырдағы келісімнің (бұдан әрі – Келісім) 12-бабымен айқындалған өкілеттіктерін іске асыруы мақсатында әзірленді және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің нормативтік құқықтық актілеріне және нормативтік құқықтық актілерінің жобаларына олардың Шарттың 93-бабының және Өнеркәсіптік субсидиялар берудің бірыңғай қағидалары туралы хаттаманың (Шартқа № 28 қосымша) (бұдан әрі – Хаттама) ережелеріне сәйкестігі мәніне мониторингті жүзеге асыру және салыстырмалы-құқықтық талдау (бұдан әрі тиісінше – Одақ, мүше мемлекеттер, мониторинг, салыстырмалы-құқықтық талдау) жүргізу рәсімін белгілейді.

2. Осы Тәртіпте пайдаланылатын ұғымдар Шартта және Келісімде субсидиялар беруге қатысты айқындалған мәндерде қолданылады.

II. Мониторингтің және салыстырмалы-құқықтық талдаудың мәні

3. Мониторингтің мәні мүше мемлекеттердің субсидиялар беру көзделетін нормативтік құқықтық актілері болып табылады.

4. Салыстырмалы-құқықтық талдаудың мәні мүше мемлекеттердің субсидиялар беру көзделетін нормативтік құқықтық актілері және нормативтік құқықтық актілерінің жобалары болып табылады.

III. Мониторингті жүзеге асыру және салыстырмалы-құқықтық талдау жүргізу тәртібі

5. Мониторингті және салыстырмалы-құқықтық талдауды Комиссияның Одақ шеңберіндегі өнеркәсіптік саясат және өнеркәсіптік субсидиялар саласындағы қызметін

қамтамасыз ететін Комиссияның құрылымдық бөлімшесі (бұдан әрі – департамент) жүргізеді.

6. Мониторинг мүше мемлекеттердің субсидиялар беру көзделетін нормативтік құқықтық актілері туралы ақпарат жинауды және оны қорытындылауды қамтиды.

7. Салыстырмалы-құқықтық талдауды департамент:

а) осы Тәртіптің 10-тармағында көрсетілген ақпаратқа қатысты тұрақты түрде;

б) мүше мемлекеттің Келісімнің 12-бабының 5-тармағында көзделген салыстырмалы-құқықтық талдау жүргізу туралы ұсыныспен өтініш жасауы бойынша жүргізеді.

8. Салыстырмалы-құқықтық талдауды жүргізу барысында мүше мемлекеттердің нормативтік құқықтық актілерінің және нормативтік құқықтық актілері жобаларының Шарттың 93-бабының және Хаттаманың ережелеріне сәйкестігін бағалау жүзеге асырылады.

9. Салыстырмалы-құқықтық талдау барысында субсидияларды сыныптау Шарттың 93-бабының және Хаттаманың ережелеріне сәйкес, сондай-ақ Комиссия Алқасы актілерінің субсидияларды Шарттың және Хаттаманың ережелеріне сәйкес сыныптау мәселелері жөніндегі ережелері ескеріле отырып жүзеге асырылады.

10. Салыстырмалы-құқықтық талдауды жүргізу кезінде:

а) Келісімнің 12-бабына және Хаттаманың IX бөліміне сәйкес мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарынан Комиссияға келіп түскен ақпарат;

б) мүше мемлекеттердің нормативтік құқықтық актілерін ресми жариялау көздеріне орналастырылған ақпарат;

в) Комиссия жүргізген мониторингтің нәтижелері бойынша алынған ақпарат пайдаланылады.

IV. Салыстырмалы-құқықтық талдау жүргізу мақсатында сұрау салулар жіберу және ақпарат алу тәртібі

11. Комиссия мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары Келісімнің 12-бабында және Хаттаманың IX бөлімінде көзделген ақпаратты белгіленген мерзімде ұсынбаған жағдайда қажетті ақпаратты мынадай мерзімдерде ұсыну туралы сұрау салу жібереді:

а) есепті жылда берілген барлық субсидиялар туралы – жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың 1 тамызынан кешіктірмей;

б) есепті жылы берілген және Комиссиямен келісілген өзіндік ерекшелікті субсидиялар туралы – жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың 1 тамызынан кешіктірмей;

в) есепті тоқсанда берілген субсидиялар туралы – есепті тоқсаннан кейінгі ай өткеннен кейін 1 айдың ішінде;

г) есепті тоқсанда қабылданған өзіндік ерекшелікті субсидиялар беру көзделетін нормативтік құқықтық актілер туралы – есепті тоқсаннан кейінгі айдың ішінде;

д) Еуразиялық үкіметаралық кеңес бекітетін Одақ шеңберіндегі өнеркәсіптік ынтымақтастықтың негізгі бағыттарына сәйкес сезімтал тауарларға жатқызылған тауарларды өндірушілерге (бұдан әрі – сезімтал тауарларды өндірушілер) өзіндік ерекшелікті субсидиялар беру көзделетін нормативтік құқықтық актілердің жобалары туралы.

12. Комиссия мониторингті жүзеге асыру және салыстырмалы-құқықтық талдау жүргізу үшін қажетті мәліметтерді, соның ішінде мүше мемлекеттің субсидиялар беру көзделетін және субсидиялар беру механизмін, тәртібін және шарттарын айқындайтын нормативтік құқықтық актілерін дамытуға қабылданған актілерді сұратуы мүмкін.

V. Салыстырмалы-құқықтық талдау нәтижелері

13. Комиссия салыстырмалы-құқықтық талдау жүргізудің нәтижелері бойынша:

а) Шарттың субсидиялар беруге қатысты ережелерін мүше мемлекеттердің сақтауы туралы жыл сайынғы есептерді дайындау кезінде алынған ақпаратты есепке алуды қамтамасыз етеді;

б) мүше мемлекеттің есепті кезеңде Комиссиямен келісілген өзіндік ерекшелікті субсидияны бермеуі фактісі туралы мүше мемлекеттерге хабарлайды;

в) мүше мемлекеттерде оларға сәйкес субсидиялар берілетін мүше мемлекеттердің нормативтік құқықтық актілерінің бюллетенін қалыптастырады және оны тоқсан сайын өзекті етеді және мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының көрсетілген бюллетенге қол жеткізуін қамтамасыз етеді;

г) тоқсан сайын сезімтал тауарларды өндірушілерге өзіндік ерекшелікті субсидиялар беру көзделетін мүше мемлекеттердің нормативтік құқықтық актілерінің қабылданғаны туралы ақпаратты қорытындылайды (олардың деректемелерін көрсете отырып және қысқаша сипаттамасымен) және мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының көрсетілген ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз етеді;

д) сезімтал тауарларды өндірушілерге өзіндік ерекшелікті субсидиялар беру көзделетін мүше мемлекеттердің нормативтік құқықтық актілері жобаларының Шарттың ережелеріне сәйкестігі туралы қорытынды дайындайды;

е) субсидиялар беруге қатысты Шарттың және Келісімнің ережелерін орындау қажеттігі туралы мүше мемлекеттерге хабарлайды;

ж) мүше мемлекеттердің субсидиялар беру саласындағы заңнамасын үйлестіру және біріздендіру мәселелері бойынша оларға консультациялар ұйымдастыруға жәрдемдеседі.

VI. Мүше мемлекеттің өтініші бойынша салыстырмалы-құқықтық талдау жүргізу

14. Мүше мемлекет осы мүше мемлекетте қабылданатын субсидиялар беру көзделетін нормативтік құқықтық актілерді, нормативтік құқықтық актілердің

жобаларын, сондай-ақ мемлекеттік қолдау көрсетудің механизмін, тәртібін және шарттарын айқындайтын нормативтік құқықтық актілерді қоса бере отырып, тиісті өтініш жіберу арқылы көрсетілген нормативтік құқықтық актілерге немесе нормативтік құқықтық актілердің жобаларына олардың Шарттың 93-бабының және Хаттаманың ережелеріне сәйкестігі мәніне салыстырмалы-құқықтық талдау жүргізу туралы ұсыныспен Комиссияға өтініш жасауға құқылы.

15. Субсидиялар беру көзделетін нормативтік құқықтық актілерге, нормативтік құқықтық актілердің жобаларына салыстырмалы-құқықтық талдауды осы Тәртіптің 14-тармағында көрсетілген өтініш Комиссияда тіркелген күннен бастап күнтізбелік 15 күннің ішінде департамент жүргізеді (көрсетілген мерзімді күнтізбелік 15 күннен аспайтын ұзарту мүмкіндігімен).

16. Департамент салыстырмалы-құқықтық талдаудың нәтижелері бойынша өтініш жіберген мүше мемлекеттің нормативтік құқықтық актілерінің (нормативтік құқықтық актілері жобаларының) Шарттың 93-бабының және Хаттаманың ережелеріне сәйкестігі туралы қорытынды дайындайды, оған департамент директоры (директордың орынбасары) қол қояды, Комиссияның өнеркәсіптік субсидиялар саласындағы функцияларын іске асыруды қамтамасыз ететін Комиссияның Алқа мүшесі бекітеді және бекітілген күнінен бастап 5 жұмыс күнінің ішінде осы мүше мемлекеттің мекенжайына жіберіледі.